

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ



2004-1



МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ КЕНЕСАРЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАРЫ

Естай ҚУАНДЫҚҰЛЫ,

тарих ғылымының кандидаты, Павлодар
мемлекеттік университетінің оқытушысы

Қазақ елінің тарихына қатысты мағлұматтардың басым бөлігі халық ауыз әдебиеті үлгілері сипатында сақталынып, біздің дәуірімізге жеткені баршамызға мәлім. Бұған, әрине, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ел сөзін жинастырып, баспасөз беттерінде жарияланған фольклористік-жинастырушылық еңбектері үлкен үлес қосты. Өз ұлтының тарихын терең тануға ұмытылған зерделі жандар қолдарына түскен кез келген деректі қағазға түсіріп, баспа бетіне жариялауды мақсат тұтты. Олар қариялардан естігендерін, басылып шыққан кітаптардан көшіргендерін, өзара бір-бірінің қолжазбаларынан жазып алғандарын кейінгі буын өкілдеріне, ұрпақтарына аманат қып тапсырып отырған. Мұның өзі тарихи мәліметтердің ұмытылмауына, жойылмауына, анағұрлым мол сақталуына, көп нұсқалы аңыз-өңгіме түрінде ел арасына кең таралуына себеп болды.

Солардың бірі ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы ғалым, философ, шежіреші Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) қолжазбаларында қазақ халқының тарихына қатысты деректер мол шоғырланған. Назар аударарлық бір жағдай, М.Ж.Көпейұлының жинастырушылық қызметі бала жасынан басталады. Әулеттік мұрағаттағы Сердәлі деген адамға жазған хатында Әлкей Марғұлан: «Сақау ақынның айтуынан 1865 жылы жазып алған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы», — деп, «Сүйіндік Олжабай батыр ертегісін» Мәшһүр-Жүсіптің 7 жасар бала кезінен қағазға түсіргенін айғақтайды. Ал, ақын жиені Жолмұрат Жүсіпұлы қолжазбасында 1866 ж. балаларды оқыту мақсатымен Баянауылға Қамар қазіреттің көшіп келгені; оның бұл өңірге белгісіз 4 түрлі өлең-қисса («Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Торт жігіттің өлеңі»...) өкелгені, бұл жырларды Көпейдің 8 жасар баласы шөкірт Жүсіптің көргеннен-ақ көшіріп алып, жатқа айтып, ел-жұртқа жайғандығы; сол үшін Мұса Шорманұлының лепес қылуымен 9 жасында оның «Мәшһүр» атанғаны баяндалады. Араб, парсы, шағатай, орыс тілдерін еркін меңгеруі нәтижесінде М.Ж.Көпейұлы Әбілғазы Баһадүр, В.В.Радлов, т.б. еңбектерін Мұса Шорманұлы, Саққұлақ, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жанайдарұлы шежіре нұсқаларымен салыстырын қарастыруға қол жеткізеді.

Мәшһүр-Жүсіп мұрасындағы дерегі мол топтамалардың бірі—Кенесары заманы туралы жазғандары. 1907 жылы Қазаннан басылып шыққан «Сарарқанын кімдікі екендігі» кітабында¹Кене ханның ел азаттығы

үшін саяси тартысқа араласқаны хақында үзінді сөз келтіріледі. Ұсынылып отырылған деректердің бір тобы «Жұлдыз» журналында (1992, №4, 196–199-б.) жарияланғанымен, мақала иесі Оразбай Исмайлов (Жұлдыз, 1992, №12, 207-б.) бұл материалдарды қай қолжазбадан, кімнен алғандығын көрсетпеген. Бұл жаңсақтықты біз өулеттік мұрағаттағы М.Ж.Көпейұлының өз жазбасына,² жиені Жолмұрат Жүсіпұлымен ұлы Мұхаммед Фазыл көшірмелеріне, Е.Б.Бекмаханов кітабының сілтемесіне³ сүйене отырып анықтап отырмыз. Сондай-ақ, ақын қолжазбаларында кездескен жекелеген үзінді мәтіндер Х.Досмұхамедовтың 1923 ж. Ташкентте шығарылған кітабындағы түсініктемесінде⁴ де орын алған.

Бұл мәселеде деректердің кімнен, қалай, қапана алынғандығын түсіну үшін Мөшһүр-Жүсіптің жинаушылық әдістемесінің ерекшеліктеріне назар аударуымызға тура келеді. М.Ж.Көпейұлы Кенесары заманында өмір сүрген Майлы Жәдігер Сымайлы қария (Сүйіндік Жанайдар батырдың атқосшысы болған); ханның замандастарының ұрпақтары: Қоңырқұлжа ұрпағы (Ақмолада), Абылай хан ұрпағы (Көкшетауда), Мейрам Жанайдарұлы (Сүйіндік Жанайдар батырдың баласы), Сыздық Кенесарыұлы (Ташкентте) өңгімелеріндегі; Нысанбай жырау дастанындағы; сонымен бірге Недзвецкий естелік кітабындағы (Недзвецкий. Память. Книжка Семиреч. об. на 1905 г.) мағлұматтарды бір топтамаға жинастырған. Кейін бұл деректерді өзара салыстырып, болған оқиғалардың мекенін, уақытын мейлінше дәл көрсетуге ұмтылып, толықтырып, хронологиялық жүйеге келтіріп баяндап жазған. Қарап отырғанымыздай, Мөшһүр-Жүсіп Көпейұлы мен Халел Досмұхамедов еңбектеріндегі ұқсастық олардың бұл мәліметтерді ортақ дерек берушілерден: Сыздық Кенесарыұлынан, Недзвецкий кітабынан, т.б. алғандарын паш етеді.

Мөшһүр-Жүсіп қолжазбаларындағы тарихи өңгімелердің жазылу барысына зер салған адам М.Ж.Көпейұлының жеке-жеке тарихи оқиғаларды шежірелік-жылнамалық жүйеге (Абылай-Уәли-Абайділде-Кенесары) келтіріп жазғанын таниды. Оның тарихты бұлай жазу әдісі халқымыздың санасындағы дүниетанымдық ойларынан туындағанын аңғарамыз. Өйткені қазақ шежіресінде тарихтың әр кезеңдері жекелеген тұлғалардың қайраткерлік іс-әрекеттерінің жиынтығы ретінде, кемінде үш мың жылдық уақытқа созылған барлық оқиғалар жүйесі бір жылнамалық-шежірелік тізбек сипатында қарастырылады.

Ойымызды түйіндей келе, Кенесары туралы деректерді Мөшһүр-Жүсіп Көпейұлының жинастыруы, шежіре сипатында жүйелеп баяндауы Кенесарытану саласында әрі деректемелік, әрі тарихнамалық жағынан құнды мәліметтер көзі дегіміз келеді.

Мөшһүр-Жүсіп КӨПЕЙҰЛЫ

1. КЕНЕСАРЫ ТУРАЛЫ

Абылай ханның алғашқы алған қатыны Қарауыл қызы, одан ұл жоқ, жалғыз қыз. Ол қыздан Жамантай хан.

Одан соңғы Қарақалақ қызы қатынынан: Уәли хан, Шыңғыс сұлтан, Әділ сұлтан, Есім сұлтан. Осы Әділді шүршітке Ақ үйілге берген. Әділден Нұралы. Нұралыдан Тезек төре Шоқанның қайын атасы болған.

Және Қарауылдан қыз алып, қатынынан: Шығай, Тағай, Сөк. Сөк баласы Жошы хан. Жошы баласы Ешмұхамбет Абылайханыф. Хожа қызы қатынынан: Қосым, Арық, Тоқ. Тоқ баласы Бірәлі, мұнан туған Шалғынбай Қарқаралыға аға сұлтан болған.

Қалмақ қызы Топшы сұлудан Қасым хан жалғыз туған. Бір Қасым

ұрпағынан басқа Абылайдың ұрпағы ас ішіп, аяқ босатқаннан басқа дәнемеге де жараған жоқ.

Қарақыстақ, Шөңгір деген екі өзеннің аты. Алатаудан Шуға құяды. Бұлардың бойындағы таулар да осы екі өзен атымен аталады. Әулиеата үйезіне қараған Дулат, Ботпай рулары осы Қарақыстақ, Шөңгірде болады. Кенесары Қошшы деген қырғыздарды шапқанда, сол жерлерде отырғанда шапқан.

Кекілік тауы Шудың оң жағында, Тоқпақ деген қаланың күншығысында болады. Кекіліктің терістік жағында, Шуға төніп тұрған тұмсығын Кекілік Сеңгір деп атайды. Қырғызбен соңғы соғысында Кенесарының ту тіккен жері Кекілік Сеңгірінен бес шақырымдай жоғары, Майтөбе деген жер екен. Майтөбені қырғыздар әуелден «қанды жер» дейді екен.

Қызылсу–Тоқпақтың тұсынан, Алатаудан аққан бір өзен. Қоқидың көлі Әулиеата үйезінде Шудың жағасында, Ағашақ болысына қараған жер.

Қолға түскен соң Кенесарыны Жаманқараның бодауына Солты руы алған, Наурызбайды Қалпақ батыр мен Жаңғабалдың бодауына Сарбағыс Тілеуқабыл манап алған екен.

Бұл қырғыздың Кенесарыға қарсыласып жатқандығы 1846 жыл. Патша өкіметі Аягөзден Кенесарымен соғысуға Нохалов деген жасауылды әскермен шығарған. Оған көп кісімен Абылайұлы Сөк төре ерген, Абылай ханның тұңғыш ұлы Әділ ұлы Әлі төре ерген. Солтыбайұлы Барақ төре ерген. Шаңғаұлы Бөлен төре ерген.

Өрдегі Үйсін, Найман тырп ете алмай орысқа бағынып қалған. Сол себепті Кенесары Қамауды тастап, Шу бойына ауған.

Сонда Нохалов Қызылағашты қыстаған. Сонда жатып қырғыздың манаптарына хат жазған; Бұғы руынан Боранбай Баймұратұлына, Ажибай Сералыұлына, Сарбағыс руынан Орман Ниязбекұлына, Солты руынан Жанқарап Есқожаұлына: «Кенесарыға көнбеңдер, көзін жоюға тырысындар! Кенесары сендерге де, патша өкіметіне де дұшпан. Біздің патша өкіметі сендерге күш-көмек берісуге міндетті», – деп. Бұл хат қолына тиген соң қырғыздар күшейген.

Наурызбай төре ел ішінде жай жүргенде періштедей екен. Жауға шапқанда албастыдай көрінеді екен.

(Жолмұрат көшірмесі, 1-топтама, 8-дәптер, 3-тізім).

2. ҚАНАЙ ТУРАЛЫ

Тоқа сұлтан Тиестің жылқысын Кенесары алған. Сонда Тиес батыр Қоңырқұлжаға келген:

– Азамат бер! – деп.

Қоңырқұлжа:

– Жарарлық ат пен жігітті ал! – деген.

Он жеті жасар Қанай ағасы Танаштың аты мен найзасын алып қашып, Кенесарыға аттанған. Тиес батырға қосылған. Кенесарыдан Тиес батыр жылқысын айырып алып келгенде, Қоңырқұлжа сұрапты Тиестен:

– Біздің Қанай бала қарсы екен де?

Сонда Тиес айтқан екен:

– Ұлы төрелі жайма жалдай ат туар деймісің, Қанай жандай ұл туар деймісің! – деп.

Сол Танаш, Қанайдың Танашы – біздің пешеміз Ұлбаланың әкесі. Шешеміздің екі інісі бар: Шотаяқ, Жақып деген. Қыстауы Семізқыз, Қосағаштың Үш Көкөзек тарабында, Сораңның оңтүстік күншығысында.

Жарық қара мал деген жылы, 1908 жылдың бірінші декабрінде

Жақып, Шотаяқ екеуі дүниеден бір күнде қайтып, екеуінің жаназасы бір орында оқылды деп есіттік.

1921 жылында тұз тарта келген Алтайлардан Сейіткамал баласы Әубәкір деген жігіттен (естігеніміз): «Қанай батыр атанып болғалы төреге көп жолдас болған екен. Жауласқанда қолына ағаш сайман шыдамайды екен, екі ұрмайды екен».

(Жолмұрат көшірмесі, 2-топтама, 17-тізім, 1-бет).

3. ТАНАШ БАТЫР

Баянауылға Боштай – аға сұлтан, дуан басы, Қараөткелге Қоңырқұлжа – аға сұлтан, дуан басы.

Кенесары Қараөткелге өрт саламын деп қамағанда, Қоңырқұлжа қарсы тұрып, ұрыс-соғыс қылған. Ақтау, Ортауда Кенесары мен Қоңырқұлжа тағы қарсыласып соғысқан. Қараөткелді қамағанда Кенесары күлдір-мамай деген мылтығымен Тайтөбенің басында тұрып, орыстың қарауылшы, паласәйкесін атып, мұрттай ұшырған екен.

Тама Танаш батыр бір шапанды майға бұлғал-бұлғал, бір шетін отқа жандырып, найзанын ұшымен көтеріп барып, атып тұрған оқты керек қылмай тастай берген. Басқа батырлардан қыпшақ Басығара батыр оқ тиіп, қан майданда қала бергенде, Тама Танаш батыр Басығарамен күшақтасқан досы екен: «Өлсем өлейін, Басығарамен сүйегім бір жерде қалсын», – деп, қайта шауып барып, Басығараның сүйегін алдына өңгеріп алып келгенде, Кенесары айтқан екен: «Дос болсаң, Тама Танапшен бол», – деп. Көп заманға шейін бұл сөз жұрт аузында қалып жүр.

Қараөткелге өрт салған күн бір орыс мінген Қоңырқұлжаның боз арғымағы таңертен Қараөткелден шығып, күн бата Қызылжарға барған екен. Екі арасы бес жүз шақырым дейді.

(Жолмұрат көшірмесі, 2-топтама, 20-тізім, 2-беттің басы).

4. АҒЫБАЙ БАТЫР

Дулат қырғызға қарай қашты, Кене қолы Сарарқаға қашты. Қазақтың көбі таудан құлап, аты бір жаққа домалап, өзі бір жаққа домаласып, өлгені өлді де, өлмей тірі қалғаны қол терілері ойылып, табан терілері сойылып, ес кетті, жан шықты дегенде ел тапты.

Ағыбай батыр туын жықпай таң атқанша тұрған жерінде тұрып қалды. Таң атқан соң, оқ бойы өзі алдында жүріп: «Ағыбай! Ағыбай!» – дегізіп, жолдастарын шулатты да отырды. Қырғыз қақ жарылып жол бере берді. Бір қырғыз беттен бөгеуге бата алмады. Сол жүргенінен жүріп отырып, тайдай тал түсте аман-есен құтылып шықты.

Кенеге тігілмеді алтын шатыр,

Бас екен шубыртпалы ер Ағыбай,

Топалаң тиген қойдай қазақ жатыр.

Құтылған есен-аман сексен батыр.

Бұл сөздерді Естібай, Бестібайдың Естібайы сөйлеген. Естібай қу атанған. Өзі есалаң, жыңды кісі болып, есебін тауып, қулықпен құтылған.

(Мәшһүр қолжазбасы, 7-том, 10-тізім).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Ж.Көпеев. Сарарқаның кімдікі екендігі. Қазақ тілі мен әдебиеті, 1994 ж. №4, 121-122-беттер.
2. М.Ж.Көпейұлы. Тарихи әңгімелер. Жұлдыз. 1994. №10-12. 201-202-беттер. әрі әулеттік мұрағатта сақталынған.
3. Е.Б.Бекмаханов. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында. Алматы. 1994. 52-53-беттер.
4. Х.Досмұхамедов. Кенесарының соңғы күндері. Жалын. 1994. №9-10. 285-287. 289-беттер.